

**«Акушерия және гинекология» мамандығы бойынша профильді интернатура
түлегінің оқу нәтижелері (ОН)**

№	Оқу нәтижесі	КК
ОН-1	Жүкті әйелдерді, босанушыларды, босанған әйелдерді және гинекологиялық науқастарды амбулаториялық қабылдау, диагностика, емдеу және динамикалық бақылауды, соның ішінде шұғыл көмек көрсетуді жүзеге асырады.	КК1, КК2
ОН-2	АХЖ-10 бойынша клиникалық диагнозды тұжырымдайды, зертханалық және аспаптық зерттеулерді тағайындайды, нәтижелерін цифрлық құралдар мен жасанды интеллект көмегімен интерпретациялайды.	КК1, КК2, КК6
ОН-3	Акушерлік-гинекологиялық көмек көрсету кезінде қауіп-қатерлерді бағалайды және қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, соның ішінде инфекциялық бақылау, дәрілік терапияның қауіпсіздігі мен сапа стандарттарын сақтайды.	КК4
ОН-4	Медициналық құжаттаманы жүргізеді, денсаулық сақтау электрондық базаларын (Damumed, eGov, Face ID, телемедицина) қолданады.	КК4, КК5
ОН-5	ҚР заңнамасы мен денсаулық сақтау стандарттары аясында әрекет етеді, алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдары мен базалық деңгейдегі стационарларда медициналық көмекті ұйымдастырады.	КК5
ОН-6	Дәлелді медицина әдістерін қолданады, ғылыми ақпаратты іздейді және клиникалық шешім қабылдау үшін сыни талдау жүргізеді.	КК6
ОН-7	Әйелдер арасында репродуктивті денсаулықты сақтау мақсатында профилактикалық, оңалту және санитарлық-ағартушылық шараларды ұйымдастырады.	КК5
ОН-8	Кәсіби жауапкершілікті көрсетеді, деонтология және биоэтика қағидаттарын сақтайды, пациентке бағытталған тәсілді қамтамасыз етеді.	КК3, КК7
ОН-9	Жеке және кәсіби дамуды жоспарлайды, оқыту мен тәлімгерлікке қатысады.	КК7

**«Хирургия» мамандығы бойынша профильді интернатура түлегінің оқу нәтижелері
(ОН)**

№	Оқу нәтижесі	КК
ОН-1	Клиникалық диагнозды тұжырымдай алады, ем жоспарын тағайындайды және оны дәлелді тәжірибе негізінде барлық деңгейде тиімділігін бағалай алады.	КК1-7
ОН-2	Пациентпен, оның туыстарымен және медицина саласының мамандарымен тиімді қарым-қатынас орнатып, пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізе алады.	КК1-7
ОН-3	Ауру қаупін бағалап, медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етудің ең тиімді әдістерін қолдана алады.	КК1-7
ОН-4	ҚР денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық негізінде өз мамандығы бойынша әрекет етеді, төтенше жағдайларда шұғыл көмек көрсете алады, ұлт денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру үшін көпсалалы командалар құрамында жұмыс істей алады.	КК1-7
ОН-5	Зерттеу сұрақтарын тұжырымдайды, кәсіби әдебиетті сыни тұрғыда талдайды, ҚР медициналық ақпараттық жүйелерін тиімді пайдаланады, медициналық құжаттаманы жүргізеді, халықаралық деректер базасымен жұмыс істейді және зерттеу тобының жұмысына қатысады.	КК1-7
ОН-6	Өзін-өзі және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқыта алады, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби даму нысандарына белсенді қатысады.	КК1-7
ОН-7	Науқас тексеру нәтижелерін интерпретациялайды, емнің көрсеткіштерін анықтайды, операция уақыты, көлемі, түрі, кезеңдері мен асқынулардың алдын алу мен оңалтуды біледі. Эндоскопиялық құрал-жабдықтарды меңгерген.	КК1-7
ОН-8	Хирургиялық емнің қауіптерін бағалайды, операциялық қауіптерді азайта алады, ең оңтайлы ем түрін таңдайды.	КК1-7